

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғаммен ықпалдастыру – инклюзивті ортаны дамытудағы басты қадамдардың бірі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру ұйымына физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оқу орнын бейімделіп, кедергісіз орта құрылған. Оқу орнын бейімдеу оқу ортасын оқушының жеке ерекшеліктеріне (дене ерекшеліктері (есту, көру): мінез-құлық ерекшеліктері) бейімдеуді көздейді. Қозғалысы шектелген тұлғалар үшін (пандус, қоршаулар, көтергіш лифт), жалпы аумақтарда (дәретхана, автотұрақ) арнайы нұсқаушы белгілер, шақырумен түймесімен жабдықталған, көру қабілеті бұзылысы бар тұлғалар арнайы брайль шрифтімен жазылған маңдайша, тактильді жолдар, тактильді индикаторлар, қоршаулар орнатылды.



